

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы.....2	Пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан 4
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары6	Нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан 19
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары 31	Постановления судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан 31
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасының қаулылары 41	Постановления специализированной судебной коллегии Верховного Суда Республики Казахстан 41
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары 46	Постановления судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан 46
Сот жюриінің регламенті 55	Регламент Судебного жюри 77
2011 – 2015 жылдары шарушылық қызметті жүзеге асыруға байланысты дауларды шешу тәртібі туралы келісім ережелерінің негізінде Қазақстан Республикасының аумағында аралық соттардың (халықаралық төреліктің) шешімдерін тану және орындауға рұқсат беру практикасы туралы ақпарат..... 100	Информация о практике признания и разрешения исполнения на территории Республики Казахстан решений третейских судов (международного арбитража) на основании положений Соглашения о порядке разрешения споров, связанных с осуществлением хозяйственной деятельности за 2011-2015 годы 100

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Қайрат Мәмидің төрағалық етуімен 2016 жылғы 31 наурызда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кезекті жалпы отырысы өтті.

Отырыста «Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы» нормативтік қаулының жобасы және Сот жюриінің регламентін бекіту туралы екі мәселе қаралды.

Іс-шараға Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары, Ғылыми-консультативтік кеңестің мүшелері, Конституциялық Кеңестің, Бас прокуратураның, Әділет министрлігінің, сондай-ақ Білім және ғылым министрлігінің өкілдері қатысты.

Жоғарғы Сот Төрағасы нормативтік қаулының жобасына тоқтала келе, соттардың бала асырап алу туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы мәселе өте маңызды әрі өзекті болып табылатындығын атап өтті. Ол Қазақстанда балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша құқықтық және ұйымдастырушылық берік база құрылғанын, осы мәселеге қатысты, оның ішінде бала асырап алу бойынша халықаралық негізгі актілердің ратификацияланғандығын алға тартты.

«Қазақстан-2050» стратегиясында ана мен баланы қорғау мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының маңызды құрамдас бөлігі ретінде белгіленген. «Президент бәсекеге қабілетті болашақ ұлтты қалыптастыру мәселелеріне айрықша назар аударып келеді. Оның өкімімен еліміздің тарихында тұңғыш рет Бала құқықтары жөніндегі уәкіл тағайындалды», - деді Жоғарғы Сот Төрағасы. Қ.Мәми талқыланып отырған нормативтік қаулының жобасы дер кезінде әзірленген әрі өзекті құжат екендігін атап өтті. Оның пікірінше, құжат ата-ананың асырауына берілетін балалардың құқықтары мен мүдделерін сотта қорғау үшін маңызды құралға айналып, судьяларға осы саладағы жан-жақты түйіткілді мәселелер бойынша дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Одан соң сөз кезегін алған Жоғарғы Соттың судьясы Ғалия Аққуова «Соттардың бала асырап алу туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының жобасын таныстыра келе, соңғы жылдары қазақстандықтар асырап алған балалардың саны айтарлықтай артып, керісінше, шетелдіктердің бала асырап алу қарқыны бәсеңдегенін атап өтті.

«Басынан түрлі оқиғалар кешкен баланың тағдыры шешілетін сәтте, бала асырап алу сияқты өзекті мәселеде соттың соңғы шешім қабылдауы олардан іс бойынша барлық мән-жайды мұқият зерттеуді талап ететіні сөзсіз», - деді Ғ.Аққуова. Ол істердің аталған санаты ювеналдық соттардың

соттылығына жататынын және қазіргі таңда бұл бағытта белгілі бір сот практикасы қалыптасқандығын атап өтті.

Нормативтік қаулы осы санаттағы істер бойынша сот практикасын қорыту нәтижелерінің негізінде, балаларды шетелдіктердің және біздің азаматтарымыздың асырап алуы және тәрбиелеуі бойынша практика ескеріліп, қабылданды. Оның жобасы бала асырап алу бойынша нормативтік базаны қамтиды, бала асырап алу туралы өтініш берудің, бала асырап алу рәсімін бастауға уәкілетті органның жазбаша келісім беруінің тәртібін және бала асырап алу туралы өтініш беру кезінде мемлекеттік бажды төлеу тәртібін түсіндіреді.

Жобаны талқылау барысында Жоғарғы Соттың судьясы Сара Жармұхамбетова, Астана қаласының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Нәзиля Раззақ пен Білім және ғылым министрлігінің Бала құқықтарын қорғау жөніндегі комитетінің төрағасы Зәбира Оразалиева сөз сөйледі.

«Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы бірауыздан қабылданды.

Сот жюриінің регламентін бекіту туралы екінші мәселе бойынша сөз алған Жоғарғы Соттың судьясы, Сот жюриінің төрағасы Моряк Шегенов бұл регламент аталған институт пен оның комиссияларының жұмысын ұйымдастыруды белгілейтін маңызды нормативтік құжат болып табылатындығын және ол Президенттің Жарлығымен бекітілген «Сот жюриі туралы» жаңа ережеден туындайтынын атап өтті.

Жалпы отырысқа қатысушылар Сот жюриінің регламентін талқылап, оны бекітуге дауыс берді.

Редакциялық алқа

Пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан

31 марта 2016 года под председательством Председателя Верховного Суда Республики Казахстан Кайрата Мами состоялось очередное пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан.

На заседании были рассмотрены и обсуждены два вопроса – о проекте нормативного постановления Верховного Суда «О практике применения судами законодательства об усыновлении (удочерении) детей» и об утверждении регламента Судебного жюри.

В мероприятии приняли участие председатели судебных коллегий и судьи Верховного Суда, члены Научно-консультативного совета, представители Конституционного Совета, Генеральной прокуратуры, Министерства юстиции, а также Министерства образования и науки.

Председатель Верховного Суда, говоря о проекте нормативного постановления, отметил, что вопрос о практике применения судами законодательства об усыновлении (удочерении) детей является очень важным и актуальным. Он подчеркнул, что в Казахстане создана прочная правовая и организационная база по охране прав и интересов детей, ратифицированы основные международные акты по данному вопросу, в том числе касательно усыновления (удочерения).

В Стратегии «Казахстан-2050» важнейшей составной частью социальной политики государства определена защита материнства и детства. «Президент акцентирует особое внимание на вопросах формирования конкурентоспособной будущей нации. Его распоряжением впервые в истории нашей страны назначен уполномоченный по правам ребенка», - сказал Председатель Верховного Суда. Он назвал обсуждаемый проект нормативного постановления очень своевременным и актуальным. Документ, по его мнению, станет реальным пособием для судебной защиты прав и интересов детей, которые находят новых родителей, поможет судьям правильно ориентироваться в многообразии проблемных вопросов в этой сфере.

Представляя проект нормативного постановления, судья Верховного Суда Галия Аккуова отметила, что в последние годы наблюдается заметное увеличение количества детей, усыновленных казахстанцами, и снижение количества иностранного усыновления.

«Безусловно, принятие судом окончательного решения по столь деликатному вопросу как усыновление, когда определяется судьба ребенка, переживающего различные драматические ситуации, требует от судов более тщательного исследования всех обстоятельств по делу», - считает Г.Аккуова. Она отметила, что данная категория дел отнесена к подсудности ювенальных судов и на сегодняшний день по ней сложилась определенная судебная практика.

Нормативное постановление принято исходя из результатов обобщения судебной практики этой категории дел, с учетом практики усыновления и воспитания детей иностранными и нашими гражданами. Его проект содержит нормативную базу по усыновлению, разъясняет порядок подачи заявления об усыновлении, предоставления письменного согласия уполномоченного органа на начало процедуры усыновления и порядок уплаты государственной пошлины при подаче заявления об усыновлении.

В порядке обсуждения проекта выступили судья Верховного Суда Сара Жармухамбетова, председатель специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних г.Астаны Назиля Раззак и председатель Комитета по охране прав детей Министерства образования и науки Забира Оразалиева.

Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан «О практике применения судами законодательства об усыновлении (удочерении) детей» принято единогласно.

Выступая по второму вопросу – об утверждении регламента Судебного жюри, судья Верховного Суда, председатель Судебного жюри Моряк Шегенов отметил, что данный регламент является важным нормативным документом, которым устанавливается организация работы вышеназванного института и его комиссий и исходит из нового положения «О Судебном жюри», утвержденного Указом Президента.

Участники пленарного заседания, обсудив проект регламента Судебного жюри, проголосовали за его утверждение.

Редакционная коллегия

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ № 2 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ

2016 жылғы 31 наурыз

Астана қаласы

Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы

Соттардың бала асырап алу туралы заңнаманы қолдану практикасын зерделей келіп және қолданыстағы неке-отбасы заңнамасын біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының бала асырап алу туралы ұлттық және халықаралық деңгейлердегі заңнамасы (бұдан әрі – бала асырап алу) Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және «Неке (ерлі-зайыптылық)» және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексінен (бұдан әрі - Кодекс), «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 – II Заңынан, 1989 жылғы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы Конвенциядан, 1993 жылғы 29 мамырдағы Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы Конвенциядан, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларынан, «Қазақстан Республикасының Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы Конвенциядан туындайтын міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 966, «Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 30 наурыздағы № 380, «Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау, қайтару қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы» (2015 жылғы 2 шілдедегі өзгерістерімен бірге) 2014 жылғы 10 шілдедегі № 787 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларынан, «Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдіктерді есепке алу қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 05 желтоқсандағы № 508, «Бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 09 желтоқсандағы № 513, «Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 15, «Қазақстан Республикасының азаматтары болып

табылатын балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беретін комиссия қызметінің қағидаларын және құрамын бекіту туралы» 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 13, «Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 16 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрықтарынан, «Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 692 бұйрығынан және өзге де тиісті нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Бала асырап алу туралы арызды бала асырап алуға тілек білдірген азаматтар баланың тұрғылықты (тұратын) жеріндегі сотқа соттылық қағидалары бойынша береді.

Бала асырап алу туралы істер кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың қарауына жатады (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 27-бабының үшінші бөлігі – бұдан әрі – АПК).

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетел азаматтары, оның ішінде олар Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрған жағдайларда да бала асырап алу туралы арызды кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотқа береді.

Кәмелетке толмаған адамның заңды өкілінің істі сот талқылауына дайындауды аяқтағанға дейін мәлімдеген өтінішхаты бойынша бала асырап алу туралы арыздарға байланысты істер, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, облыс орталықтарының шегінде орналасқан аудандық (қалалық) соттардың қарауына жататын істерді қоспағанда, қаралуы немесе баланың тұрғылықты (тұратын) жері бойынша аудандық (қалалық) сотқа берілуі мүмкін (АПК-нің 27-бабының үшінші бөлігі).

3. Сот бала асырап алу туралы арызды қабылдай отырып, оның нысаны мен мазмұны бойынша АПК-нің 148-бабы қоятын жалпы талаптарға, сондай-ақ АПК-нің 311-бабының талаптарына сәйкестігін тексереді.

Осы санаттағы істердің ерекшелігін негізге ала отырып, сот асырап алушылардың өздері, олар асырап алуды қалайтын балалар туралы, балалардың тұрғылықты (тұратын) жері, олардың ата-аналары туралы, балалардың аға-інілері мен апа-қарындастарының бар-жоғы, асырап алынған балалардың тууы туралы актілер жазбасындағы ықтимал өзгерістер туралы өтініштерді, Кодекс бала асырап алушы болу мүмкіндігін байланыстыратын мән-жайлар туралы, оларды растайтын дәлелдемелерді, сондай-ақ тізбесі АПК-нің 312-бабында көрсетілген қажетті құжаттардың арыздың қосымшасында бар-жоғын тексеруі қажет.

Арыз берушінің осы құжаттарды алу мүмкіндігі болмаған жағдайда сот оларды арыз берушінің өтінішхаты бойынша тиісті органдардан сұратып алуға тиіс.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдіктер, оның ішінде Қазақстан Республикасында тұруға арналған ықтиярхаты барлар, бала асырап алу рәсімі басталарда Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының (Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің) жазбаша келісімін ұсынуға тиіс.

Арызға бала асырап алушының (бала асырап алушылардың) өздері қол қоюға тиіс, бала асырап алушылардың мүддесі үшін кез келген адамның арыз беруіне жол берілмейді.

Бала асырап алушылардың сот отырысына қатысу міндеттілігі АПК-нің 57, 58, 60-баптарының негізінде уәкілетті өкілдердің болуы құқығынан айырмайды, олар сенім білдірушінің жеке өзінің қатысуынсыз сот талқылауы сатысынан тыс қажетті дәлелдемелерді жинауға және ұсынуға, судьяның талабы бойынша қосымша дәлелдемелерді ұсынуға, жазбаша және заттай дәлелдемелерді сұратып алуға көмектесу туралы мәселе қоюға құқылы.

4. «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 535-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, жоғарыда көрсетілген баптың 1-тармағының 2), 3), 4) және 13) тармақшаларында көрсетілгеннен басқа ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан) Республикалық бюджет туралы Заңмен белгіленген және мемлекеттік баж төленген күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі - АЕК) 50%-ы мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

Баяндалған жағдайларға орай, бала асырап алу туралы арыздар бойынша істер талап қою ісін жүргізу тәртібімен емес, ерекше іс жүргізу тәртібімен қаралатындықтан, мемлекеттік баж бала асырап алушылардың (асырап алушы бір адам немесе ерлі-зайыпты жұп) және арызда көрсетілген асырап алынатын балалардың санына қарамастан АЕК-тің 50%-ы мөлшерінде алынуға тиіс.

5. Тауып алынған, тастанды (бас тартылған) баланы асырап алу кезінде ішкі істер органы немесе жергілікті атқарушы орган толтырған хаттаманың немесе баланың табылғаны туралы актінің болуы жеткіліксіз. Осындай баланы асырап алу туралы арызды қабылдау кезінде судья арызға баланың Кодекстің 196-бабына сәйкес тіркелуін растайтын тууы туралы акт жазбасы көшірмесінің және оның тууы туралы куәліктің арызға қоса тіркелген-тіркелмегенін тексеруге тиіс.

Егер тауып алынған, тастанды (бас тартылған) бала асырап алу туралы арыз берілген сәтте Кодекстің 196-бабында көзделген тәртіппен тіркелмесе

және істі сотқа дейін дайындау сатысында осы кемшілікті жоюдың мүмкін емес екендігі анықталса, онда сот АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес, іс қозғауға кедергі келтіретін мән-жайларды жою үшін арызды кері қайтару туралы мәселені шешуге тиіс.

6. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды шетелдіктердің асырап алуы туралы істерді қарай отырып, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, шетелдік азаматтар процессуалдық құқықтарды пайдаланатынын және процессуалдық міндеттерін Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен бірдей орындайтынын соттардың назарда ұстағандары жөн (АПК-нің 472-бабының екінші бөлігі).

Қазақстан Республикасының ұйымдарына немесе шетелдік тұлғаларға қатысты шет мемлекеттердің заңдары бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жасалған, шет мемлекеттердің құзыретті органдары белгілеген нысан бойынша берген, жасаған немесе куәландырған құжаттарды Қазақстан Республикасының соттары, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, консулдық заңдастыру немесе апостиль болған жағдайда қабылдайды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы үшін 2001 жылғы 30 қаңтарда күшіне енген, шетелдің ресми құжаттарын заңдастыру талабын жоятын Конвенцияға (бұдан әрі - Конвенция) (Гаага қаласы, 1961 жылғы 5 қазан) қатысушы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда құжаттарды заңдастыру талап етілмейді.

Конвенцияның 3 және 5-баптарының талаптарына сәйкес, Конвенцияға қатысушы мемлекеттерде ресми құжаттарды дипломатиялық немесе консулдық заңдастырудың орнына, лауазымды адамдардың қолдарының, құжаттағы мөрлер мен мөртаңбалардың төлнұсқалылығын растау үшін осы құжат жасалған мемлекеттегі құзыретті орган апостиль қояды. Сот осы Конвенцияның 4-бабында көзделген апостиль қою тәртібінің сақталуына назар аударуы қажет, нақтылы айтқанда: апостиль құжаттың өзіне немесе құжатпен бірге бекітілетін жеке параққа қойылады, ол аталған Конвенцияға қоса берілген үлгіге сәйкес болуға тиіс.

Егер шетел агенттігі берген апостилдендірілген құжатты сотқа ұсыну кезінде оның шектеулі қолданылу мерзімі өтіп кеткен болса, онда мұндай құжатты жарамсыз дәлелдеме деп тану туралы мәселені шешу қажет.

7. АПК-нің 314-бабы бойынша баланы асырап алу туралы істер баланы асырап алушылардың (асырап алушының) өздерінің, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияны жүзеге асыратын орган өкілдерінің, сондай-ақ прокурордың міндетті түрде қатысуымен қаралуға тиіс.

Егер сот отырысына асырап алушылардың, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияны жүзеге асыратын орган өкілдерінің, сондай-ақ прокурордың қатысуы заң бойынша міндетті болып табылса, онда асырап алынатын баланың ата-аналарын (ата-анасын) немесе өзге де

занды өкілдерін, оның туыстары мен басқа да мүдделі адамдарды, сондай-ақ он жасқа толған баланың өзін сот қажетті жағдайларда іске қатысуға тарта алатынын назарда ұстаған жөн.

Егер сот он жасқа толған асырап алынатын баладан оның қаралып отырған мәселе бойынша пікірін анықтау үшін сот отырысында сауал қоюдың орындылығы туралы тұжырымға келсе, онда сот баланың сотқа қатысып отыруы оған жайсыз әсер етпеуі үшін, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияны жүзеге асыратын органның пікірін алдын ала анықтап алғаны жөн.

Психологтың қатысуымен сот отырысында сауал қою кезінде бала пікірінің ата-аналарының бірінің немесе басқа да мүдделі адамдардың оған ықпал етуінің салдары болып табылатын-табылмайтынын, осы пікірді білдіру кезінде оның өзінің жеке мүдделерін ұғынатынын және оның пікірді қалай негіздейтінін анықтау қажет.

Егер он жасқа толған бала денсаулық жағдайына байланысты (мысалы, бала кезінен мүгедек және жүріп-тұруы шектеулі болса), сот баланың мүдделерін ескере отырып, оның асырап алуға қатысты пікірін өзінің тұратын жері бойынша анықтай алады.

8. Баланың ата-аналары бар болған жағдайда олардың келісімі бала асырап алудың міндетті шарты болып табылады. Ата-аналардың баланы асырап алуға келісімі нотариалдық куәландырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған бала тұрған жердегі мекеме басшысы не бала асырап алынған жердегі немесе ата-аналар тұратын жердегі қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган растаған арызда көрсетілуге тиіс, сондай-ақ бала асырап алу ісін жүргізу кезінде сотта тікелей білдірілуі мүмкін. Ата-ананың бала асырап алуға сотта берген келісімі хаттамада (қысқаша хаттамада) көрсетілуге және ол оған өзі қол қоюға, сондай-ақ шешімде көрсетілуге тиіс. Істердің осы санаты жабық сот отырысында қаралатынын назарға ала отырып, сот арызданушылардың өтінішхаты бойынша процестің аудио-бейнежазбасын жүргізбеуге құқылы, мұндай жағдайда сот отырысының толық хаттамасы әзірленеді.

Ата-аналардың құқықтарының басымдығын негізге ала отырып, олардың кез келгені өздерінің бала асырап алуға бұрын берген келісімді оны осыған мәжбүр еткен себептерге қарамастан шешім шығарғанға дейін күшін жоя алатынын ескерген жөн (Кодекстің 93-бабы). Бұл жағдайда сот бала асырап алу туралы талапты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарады.

Заңның ата-аналардың бала асырап алуға келісімінің қажеттілігі туралы талабы Кодекстің 94-бабында көзделгеннен басқа жағдайларда, ата-аналары (ата-анасы) бар және қорғаншылықта (қамқоршылықта), отбасылардың қамқорлығында, тәрбие, емдеу, емдеу-профилактика мекемелерінде, халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінде және басқа да осындай мекемелерде тұрған балаларға да қолданылады.

Кәмелеттік жасқа жетпеген, он алты жасқа толмаған ата-аналардың балаларын асырап алған кезде де заңды өкілдердің келісімі қажет. Кәмелетке толмаған ата-аналардың заңды өкілдері болмаған кезде немесе кәмелетке толмаған ата-ана баланы туған кезде медициналық ұйымда қалдырып кетсе және үш айдан астам уақыт бойы баланың тағдыры ешкімді толғандырмаса, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімі қажет.

Кодекстің 77-бабының 7-тармағына сәйкес, ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда бала асырап алуға ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап алты ай өткен соң жол беріледі. Ата-аналарының біреуі ата-ана құқықтарынан айырылған баланы асырап алуға екінші ата-анасының келісімімен жол беріледі.

Қорғаншының (қамқоршының) немесе жоғарыда көрсетілген мекемелер басшыларының баланы асырап алуға келісім беруден бас тартуының, ата-аналардың асырап алудан бас тартуынан ерекшелігі, егер мұны баланың мүдделері талап етсе, соттың асырап алу туралы мәселені оңынан шешуіне кедергі болмайды (Кодекстің 93-бабының 1, 4-6-тармақтары).

Кодекстің 94-бабы некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрмайтын ананың баладан бас тарту туралы белгіленген тәртіппен ресімделген жазбаша арызы медициналық ұйымда болған кезде соттың ата-аналардың асырап алуға келісімін растайтын басқа құжаттарды сұрату құқығын шектейді. Көрсетілген жағдайда сот ананың нотариалдық палатаға, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға, медициналық мекеменің басшысына сұрау салуды жіберу жолымен баланы асырап алуға келісімін кері қайтарып алған-алмағанын баладан бас тартуды және асырап алуға келісуді кімнің ресімдегеніне байланысты істі сотта қарау барысында тексергені жөн.

9. Егер баланы ерлі-зайыптылардың екеуі асырап алмаса, ерлі-зайыптылардың біреуі баланы асырап алған кезде бала асырап алуға екінші жұбайдың жазбаша келісімі талап етіледі (Кодекстің 96-бабы).

Асырап алу туралы арызды қарап жатқан сот ерлі-зайыптылардың отбасылық қарым-қатынастарды тоқтатқанын, бір жылдан астам уақыт бойы бірге тұрмайтынын және арызданушының жұбайының тұрғылықты жері белгісіз екенін анықтаған жағдайлар бұған жатпайды. Аталған мән-жайлар АПК-нің 63-бабында көзделген дәлелдемелермен (ерлі-зайыптылар арасындағы отбасылық қарым-қатынастардың тоқтағаны туралы куәнің айғақтары, іздеу салудың нәтижелері туралы мекен-жай қызметтерінің, ішкі істер органдарының анықтамалары және т.б.), сондай-ақ осы жұбайды хабарсыз кеткен деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімімен анықталуы мүмкін.

Жұбайлардың бірі баланы асырап алған кезде сот асырап алушының отбасында қалыптасқан жағдайды, басқа жұбайдың асырап алудан бас

тарту себебін, осы жұбайдың заң бойынша асырап алушы болу құқығын болдырмайтын мән-жайлардың бар-жоғын, анықталған мән-жайлар жиынтығының асырап алынатын баланың мүдделеріне сәйкес келетінін-келмейтінін анықтағаны жөн.

10. Сот асырап алу туралы арызда асырап алынатын баланың аға-інілері мен апа-сіңлілерінің бар екені туралы көрсетілген-көрсетілмегеніне қарамастан, асырап алынатын баланың аға-інілері мен апа-сіңлілерінің бар-жоғын және олардың іс қаралып жатқан сәтте асырап алуға жататынын-жатпайтынын істі сот талқылауына дайындау сәтінде анықтағаны жөн. Асырап алу балалардың мүдделеріне сай келгеннен басқа жағдайларда (мысалы, балалар өздерінің туыс екенін білмесе, бірге тұрмаса және тәрбиеленбесе, денсаулық жағдайына байланысты бірге тұра алмаса және тәрбиелене алмаса) әр түрлі адамдардың ағалы-інілі мен апалы-сіңлілі балаларды асырап алуына жол берілмейді.

11. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтардың асырап алуы туралы істі қарау кезінде соттар мыналарды:

1) егер осы балаларды Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының тәрбиесіне (заңмен көзделген асырап алу, қорғаншылық, қамқоршылық, патронаттық тәрбие, немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың өзге де нысандары), немесе туыстарының тұрған жеріне және азаматтығына қарамастан балалардың осы туыстарының асырап алуына беру мүмкін болмаған жағдайларда ғана балаларды асырап алуға жол берілетінін назарда ұстағандары жөн (Кодекстің 84-бабының 4-тармағы).

Көрсетілген мән-жайларды анықтау үшін соттар қорғаншылық пен қамқоршылық жөніндегі функцияны жүзеге асыратын органнан баланы Қазақстан Республикасының азаматтары отбасының тәрбиесіне немесе баланың туыстарының азаматтығына және тұрған жеріне қарамастан осы туыстардың асырап алуына берудің мүмкін еместігін растайтын құжаттарды, асырап алынған баланы бастапқы, өңірлік және орталықтандырылған тіркеу туралы деректерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органынан асырап алынған баланың орталықтандырылған есепке қойылғаны туралы деректерді сұратуы қажет. Аталған құжаттарды зерттеу кезінде баланың қай уақыттан бастап есепте тұрғанын, орталықтандырылған есепке қоюдың үш айлық мерзімінің өткен-өтпегенін, баланың Қазақстан Республикасының азаматтарына немесе баланың туыстарына тәрбиелеуге немесе асырап алуға ұсынылған-ұсынылмағанын, егер ұсынылса, олардың отбасына қабылдап алудан қандай себептермен бас тартқанын тексеріп, осы баланы асырап алудан бас тартқан туыстардан және адамдардан олардың бала туралы мәліметтермен танысу

және асырап алудан не отбасының тәрбиесіне қабылдаудан бас тарту туралы арызға қол қойған-қоймағандары туралы жауап алған жөн;

2) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы асырап алуға үміткер және асырап алу бойынша аккредиттелген агенттіктер арқылы белгіленген тәртіппен тіркелген адамдар өздері азаматы болып табылатын не тұрақты тұрғылықты жері бар мемлекеттің құзыретті органының олардың тұрмыс жағдайлары және асырап алушы болу мүмкіндігі туралы қорытындысын, құзыретті органның асырап алынған баланың Қазақстан Республикасынан қабылдайтын мемлекетке кіруіне рұқсатын сотқа ұсынуға тиіс. Сот осы азаматтардың тұрмыс жағдайы және асырап алушылар болу мүмкіндігі туралы асырап алу жөніндегі шетел ұйымдары (асырап алу жөніндегі агенттіктер) әзірлеген қорытындыны зерттеген кезде осы ұйымдарға тиісті мемлекеттің құзыретті органның атынан осындай қорытындыны әзірлеу өкілеттігі берілген-берілмегенін тексерулері қажет.

12. Адамның асырап алушы болу құқығын растайтын құжаттарды тексеру кезінде сотталғандығының болу немесе болмау фактісін баланы асырап алуды қалайтын адам тұратын елдің тек құзыретті органы растауға тиіс екенін назарда ұстаған жөн.

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты бар шетел азаматтары асырап алған жағдайда, сот осы азаматтардың Қазақстан Республикасында тұрған кезеңі үшін сотталғандығының бар немесе жоқ екені туралы олар азаматтары болып табылатын елдің және Қазақстан Республикасының құзыретті органдары әзірлеген құжаттарды сұратып алдыруға міндетті.

Арыз берушілерде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 692 бұйрығымен бекітілген аурулар тізбесінде көрсетілген аурулардың бар-жоғын, олар болған жағдайда адам баланы асырай алмайтынын, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа ала алмайтынын тексере отырып, арыз берушілер тұратын елде берілген медициналық қорытындыны зерттеулері қажет. Қорытындылардың жарамдылығына және дәлелдеме ретінде жеткіліктілігіне күмән туған жағдайда, сот асырап алушыларға Қазақстан Республикасының медициналық мекемелерінде медициналық тексеруден өтуді ұсынуға құқылы.

Жетім балаларға және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тәрбиеленіп жатқан бала асырап алынған жағдайда, сот асырап алуға үміткерлердің балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдардың есебінде тұрғанына көзін жеткізуі қажет.

13. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласында Қазақстан Республикасымен тең халықаралық міндеттемелері бар елдің азаматтарына ғана шетелдіктердің бала асырап алуына рұқсат етіледі. Көрсетілген мән-жайларды анықтау мақсатында, бала асырап алушы елдің Қазақстан

Республикасы бекіткен балалардың құқықтарын қорғау саласындағы бірқатар Конвенцияларды бекіту және тану фактісін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен асырап алушы ел арасында жасалған құқықтық көмек көрсету туралы екіжақтылы келісімнің бар-жоғын тексеру қажет.

14. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, балаларды асырап алуды қалайтын Қазақстан Республикасының азаматтары баланы жеке өздері таңдап алуға және олармен кемінде екі апта тікелей қарым-қатынаста болуға міндетті. Қазақстан Республикасынан тысқары жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен бала асырап алуға үміткер шетелдіктер баламен кемінде төрт апта тікелей қарым-қатынаста болуға тиіс. Көрсетілген адамдар осы мерзімді асырап алу туралы арызды сотқа бергенге дейін сақтауға тиіс.

Заң асырап алушыларды асырап алынатын балалармен белгіленген мерзімдерде жеке өздері танысуын міндеттейтіндіктен, сот отырысы барысында сот арыз берушілердің асырап алынатын баламен араласу мән-жайын зерттеп, олардың арасында қарым-қатынастың орнығуына көз жеткізуге тиіс болғандықтан, осы мерзімдер өткенге дейін берілген асырап алу туралы арыз АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сай, арыз берушіге кері қайтарылады.

15. Сот асырап алудың заңмен қорғалатын құпиясын қамтамасыз ету мақсатында АПК-нің 19-бабының екінші бөлігіне, 314-бабына сәйкес осы санаттағы барлық істерді сот шешімін жариялауды қоса алғанда жабық сот отырысында қарайды. Асырап алу туралы істерді жабық сот отырысында қарау заңмен көзделгенін назарға ала отырып, судья істі дайындау сатысында осындай шешім қабылдауға және бұл туралы істі сот талқылауына тағайындау туралы ұйғарымда көрсетуге тиіс.

Сот істі сот отырысында қарауға қатысып отырған адамдарға оларға арызды қарау барысында белгілі болған мәліметтерді жарияламау туралы және асырап алудың құпиясын жария еткені үшін оларды қылмыстық жауаптылыққа тартудың мүмкін екендігін ескертуге тиіс, бұл туралы сот отырысының хаттамасында не қысқаша хаттамада жазбаша және сот отырысының аудиожазбасында көрсетілуге тиіс.

16. Соттар асырап алудың мүмкіндігі туралы мәселені шешу кезінде әрбір нақтылы жағдайда асырап алушының адамгершілік және жеке басының қасиеттерін (арыз берушінің жұмыстағы, тұрмыстағы тәртібін сипаттайтын мән-жайлар, қасақана қылмыс жасағаны үшін жойылмаған немесе алынбаған соттылығының асырап алу сәтінде болуы), оның денсаулық жағдайын, жасын, отбасында қалыптасқан өзара қарым-қатынасты, осы адамдар мен баланың арасында туындаған қарым-қатынасты, сондай-ақ болашақ асырап алушылардың материалдық және тұрғын үй жағдайларын тексеруге және ескеруге тиіс.

17. Кодекстің 100-бабының 1 және 2-тармақтарының талаптарына сай, асырап алынған балалар және олардың ұрпағы - бала асырап алушылар

мен олардың туыстарына қатысы бойынша, ал бала асырап алушылар мен олардың туыстары асырап алынған бала мен оның ұрпағына қатысы бойынша жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары мен міндеттерінде шыққан тегі бойынша туыстарына толығымен теңестіріледі. Асырап алған бала жоғарыда көрсетілген құқықтардан айырылады және өзінің туған ата-аналарына қатысты міндеттерден босатылады.

Аталған құқықтық салдарлар асырап алушылардың осы баланың тууы туралы акт жазбасында ата-аналары ретінде жазылғанына қарамастан туындайды. Асырап алған баланың ата-аналарының бірі қайтыс болған кезде және осы ата-ана тарапынан жақын туыстар қайтыс болған ата-ананың туыстарының асырап алған балаға қатысты құқықтар мен міндеттерді баланың мүдделері үшін сақтауын сұрау жағдайы бұған жатпайды.

Баланы бір адам асырап алған кезде, егер бала асырап алушы ер адам болса - анасының тілегі бойынша немесе, егер бала асырап алушы әйел болса - әкесінің тілегі бойынша жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар мен міндеттерді де сот сақтауы мүмкін (Кодекстің 100-бабының 3-тармағы).

Асырап алған баланың ата-аналардың біреуімен немесе қайтыс болған ата-анасының туыстарымен қарым-қатынастарының сақталуы жөнінде бала асырап алу туралы сот шешімінде көрсетіледі.

18. Асырап алушылардың (асырап алушының) арызы қанағаттандырылған асырап алу туралы шешімнің қарар бөлігінде арыз берушілердің (арыз берушінің) баланы асырап алу туралы өтінішінің қанағаттандырылғаны туралы, баланы нақтылы адамдардың (адамның) асырап алғанын тану туралы, сондай-ақ тууы туралы актіге тиісті өзгерістер енгізудің қажеттілігі туралы, оның ішінде асырап алушыларды (асырап алушыны) туу туралы жазбалар кітабында ата-ана ретінде жазу туралы, баланың тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен жерін өзгерту туралы, егер арызда осындай өтініш және 10 жасқа толған баланың келісімі болса, сондай-ақ асырап алған баланың ата-аналарының бірінің немесе оның қайтыс болған ата-анасының өзіндік мүліктік емес және мүліктік құқықтарының сақталуы туралы, егер осы мәселелерді сот арыз берушінің не мүдделі адамдардың өтініші бойынша оңынан шешсе, көрсету қажет. Асырап алған баланың тегі мен әкесінің аты өзгерген кезде деректер асырап алушылардың (асырап алушының) тегі бойынша көрсетіледі, асырап алған баланың тегі мен әкесінің атын қазақ халқының дәстүрлері бойынша одан кейін өзгертуді уәкілетті мемлекеттік орган белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Бала асырап алу кезінде баланың ұлтын өзгерту соттың құзыретіне кірмейді және Кодекстің 65-бабына сәйкес анықталады, ал сот баланың тұрғылықты жерін тек Қазақстан Республикасының аумағында ғана өзгертуі мүмкін (Кодекстің 98-бабының 1-тармағы).

«Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 223-III Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сай, асырап алған бала туралы мәліметтер, оның дербес

деректері өзгерген кезде жеке сәйкестендіру нөмірі бала асырап алу туралы сот шешімі күшіне енгеннен кейін Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шартты түрде алып тасталатынын назарда ұстаған жөн.

19. Баланың мүдделерін тікелей қозғайтын ерекше мән-жайлар болған кезде, сот АПК-нің 244-бабына сәйкес, сот шешімін дереу орындаудың қажеттілігі туралы тұжырымға келу себебін баяндап, арыз берушінің өтініші бойынша шешімді дереу орындауға жіберуге құқылы (мысалы, асырап алған баланы емдеу курсы жүргізу немесе ота жасау үшін дереу ауруханаға жатқызу талап етілсе және кешеуілдету баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе).

20. Кодексте асырап алудың күшін жоюдың да, асырап алуды жарамсыз деп танудың да негіздері көрсетілген.

Кодекстің 108-бабына сәйкес, баланың ата-аналарының, бала асырап алушының жұбайының, бала асырап алушылардың, 14 жасқа толған асырап алған баланың, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, сондай-ақ прокурордың баланың мүддесі үшін бала асырап алудың күшін жоюды талап етуге құқығы бар.

Бала асырап алудың күшін жою туралы талап Кодекстің 106-бабының 1-тармағында көзделген негіздер болған кезде қойылады. Асырап алушыларда ата-аналық құқықтар мен міндеттер балалар олардан туғанда емес, асырап алудың нәтижесінде туындайтындықтан, талап қоюдың нысанасы ата-аналық құқықтардан айыру туралы емес, бала асырап алудың күшін жою туралы болуға тиіс екендігіне соттардың назарын аудару қажет.

Кодекстің 106-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда асырап алудың күшін жоюға баланың келісімін анықтау талап етілмейді.

Сот Кодекстің 106-бабының 2-тармағына сәйкес, баланың мүдделерін негізге алып және оның пікірін ескеріп, асырап алушының тәртібінде кінә болмаған кезде де баланы асырап алудың күшін жоюға құқылы. Мұндай мән-жайларға, атап айтқанда, бала асырап алушы мен асырап алған баланың арасында олардың жеке қасиеттеріне байланысты өзара қарым-қатынастарының қалыптаспауын; асырап алғаннан кейін баланың денсаулық жағдайында тәрбиелеу процесін айтарлықтай қиындататын не бұған мүмкіндік бермейтін ақыл-естің кемдігінің немесе тұқым қуалаған ауытқушылықтың анықталуын, аталған кемшіліктердің бар екендігі туралы асырап алушының асырап алу кезінде ескертілмеуін; бала қатты бауыр басып қалған ата-аналарының әрекетке қабілеттілігінің қалпына келуін, баланың ата-аналарын ұмыта алмауын, мұның өзі оның көңіл-күй жағдайына кері әсер етуін және т.б. жатқызуға болады.

Бала асырап алудың күшін жою туралы арызды сот бала асырап алушылардың, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, сондай-ақ прокурордың міндетті түрде қатысуымен талап қою ісін жүргізу тәртібімен қарайды (Кодекстің 107-бабының 2-тармағы).

21. Кодекстің 103-бабына сәйкес, бала асырап алу:

- 1) бала асырап алу туралы сот шешімі жалған құжаттар негізінде қабылданған;
- 2) Кодекстің 93-бабында аталған адамдардың келісімінсіз бала асырап алған;
- 3) некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) адам басқа жұбайының жазбаша келісімінсіз бала асырап алған;
- 4) Кодекстің 91-бабының 2-тармағында көзделген ережелер бұзылған жағдайларда жарамсыз деп танылады.

Бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы талапты асырап алған баланың ата-аналары, асырап алушының жұбайы, асырап алудан құқықтары бұзылған адамдар, прокурор және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган қоя алады.

22. Баланы асырап алу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы шешімнің үзінді көшірмесі бала асырап алу туралы сот шешімі шығарылған жер бойынша тіркеуші органға және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға, ал асырап алудың күшін жою туралы және бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы сот шешімінің үзінді көшірмесі бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға осындай мерзім ішінде жіберілуге тиіс екенін ескеру қажет (Кодекстің 88-бабы және 105-бабының 4-тармағы).

Шетел азаматтарының бала асырап алуының күшін жою не бала асырап алуды жарамсыз деп тану кезінде сот шешімінің үзінді көшірмесі Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы Балаларды қорғау және шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы 1993 жылғы 29 мамырдағы Конвенцияның 21-бабының 1-тармағы негізінде туған еліне кері қайтару туралы мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитетіне жіберілуге тиіс.

23. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) «Соттардың бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы № 17 нормативтік қаулысы;

2) «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының «Соттардың бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде неке және отбасы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2000 жылғы 22 желтоқсандағы № 17 қаулысына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 10 нормативтік қаулысы;

3) «Соттардың бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде неке және отбасы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы № 17 нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 14 нормативтік қаулысы.

24. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының
Төрағасы**

Қ.Мәми

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы**

Қ.Шаухаров



**НОРМАТИВНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 2
ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

31 марта 2016 года

город Астана

**О практике применения судами
законодательства об усыновлении (удочерении) детей**

Изучив практику применения судами законодательства об усыновлении (удочерении) детей и в целях единообразного применения норм действующего брачно-семейного законодательства, пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан

постановляет:

1. Законодательство Республики Казахстан об усыновлении (удочерении) детей на национальном и международном уровнях (далее - усыновление), основывается на Конституции Республики Казахстан и состоит из Кодекса Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье» (далее - Кодекс), Закона Республики Казахстан от 8 августа 2002 года № 345-ІІ «О правах ребенка в Республике Казахстан», Конвенции о правах ребенка от 20 ноября 1989 года, Конвенции о защите детей и сотрудничестве в отношении иностранного усыновления от 29 мая 1993 года, нормативных постановлений Конституционного Совета и Верховного Суда Республики Казахстан, постановлений Правительства Республики Казахстан от 21 сентября 2010 года № 966 «О мерах по обеспечению выполнения Республикой Казахстан обязательств, вытекающих из Конвенции о защите детей и сотрудничестве в отношении иностранного усыновления», от 30 марта 2012 года № 380 «Об утверждении Правил передачи детей, являющихся гражданами Республики Казахстан, на усыновление», от 10 июля 2014 года № 787 «Об утверждении Правил назначения, возврата и размера единовременной денежной выплаты в связи с усыновлением ребенка-сироты и (или) ребенка, оставшегося без попечения родителей» (с изменениями от 2 июля 2015 года), приказов Министра образования и науки Республики Казахстан от 5 декабря 2014 года № 508 «Об утверждении Правил учета иностранцев, желающих усыновить детей, являющихся гражданами Республики Казахстан», от 9 декабря 2014 года № 513 «Об утверждении Правил аккредитации агентств по усыновлению», от 16 января 2015 года № 15 «Об утверждении Правил учета лиц, желающих усыновить детей», от 16 января 2015 года № 13 «Об утверждении Правил деятельности и состав комиссии, выдающей заключение о возможности (невозможности) выдачи разрешения о передаче детей, являющихся гражданами Республики Казахстан

на усыновление», от 16 января 2015 года № 16 «Об утверждении Правил организации учета детей-сирот, детей, оставшихся без попечения родителей и подлежащих усыновлению, и доступа к информации о них», приказа Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 августа 2015 года № 692 «Об утверждении перечня заболеваний, при наличии которых лицо не может усыновить ребенка, принять его под опеку или попечительство, патронат» и иных нормативных правовых актов.

2. Заявление об усыновлении ребенка подается гражданами, желающими усыновить ребенка, в суд по месту жительства (нахождения) ребенка по правилам подсудности.

Дела об усыновлении ребенка подсудны специализированным межрайонным судам по делам несовершеннолетних (часть третья статьи 27 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан – далее ГПК).

Граждане Республики Казахстан, постоянно проживающие за пределами территории Республики Казахстан, а также иностранные граждане, в том числе и в случаях, когда они постоянно проживают на территории Республики Казахстан, заявление об усыновлении также подают в специализированный межрайонный суд по делам несовершеннолетних.

По ходатайству законного представителя несовершеннолетнего лица, заявленному до окончания подготовки дела к судебному разбирательству, дела по заявлениям об усыновлении могут рассматриваться или могут быть переданы районному (городскому) суду по месту жительства (нахождения) ребенка, за исключением дел, подсудных районным (городским) судам, находящимся в пределах города республиканского значения и столицы, областных центров (часть третья статьи 27 ГПК).

3. Принимая заявление об усыновлении, суд проверяет, соответствует ли заявление по форме и содержанию общим требованиям, предъявляемым статьей 148 ГПК к исковому заявлению, так и требованиям статьи 311 ГПК.

Исходя из специфики дел данной категории, суду необходимо проверять указание в заявлении сведений о самих усыновителях, детях, которых они желают усыновить, о месте жительства (нахождения) детей, их родителях, наличие у детей братьев и сестер, просьбы о возможных изменениях в записи актов о рождении усыновляемых детей, об обстоятельствах, с которыми кодекс связывает возможность быть усыновителем, подтверждающие их доказательства, а также наличие в приложении к заявлению необходимых документов, перечень которых содержится в статье 312 ГПК.

В случае невозможности получения заявителем этих документов, они из соответствующих органов должны быть истребованы судом по ходатайству заявителя.

Граждане Республики Казахстан, постоянно проживающие за пределами Республики Казахстан, иностранцы, в том числе имеющие вид на жительство в Республике Казахстан, желающие усыновить детей, должны представить письменное согласие уполномоченного органа в области защиты прав детей

Республики Казахстан (Комитета по охране прав детей) на начало процедуры усыновления.

Заявление должно быть подписано лично усыновителем (усыновителями), подача заявления кем-либо в интересах усыновителей недопустима.

Обязательность личного участия усыновителей в судебном заседании не исключает возможности участия уполномоченных представителей на основании статей 57, 58, 60 ГПК, которые вправе без личного участия доверителя вне стадии судебного разбирательства собрать и предоставить необходимые доказательства, по требованию судьи предоставлять дополнительные доказательства, ставить вопрос об оказании помощи в истребовании письменных и вещественных доказательств.

4. В соответствии с подпунктом 8) пункта 1 статьи 535 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый Кодекс)» (далее - Налоговый кодекс) с заявлений (жалоб) по делам особого производства, за исключением указанных в подпунктах 2), 3), 4) и 13) пункта 1 вышеуказанной статьи взимается государственная пошлина в размере 50% от месячного расчетного показателя (далее-МРП), установленного Законом о республиканском бюджете и действующего на дату уплаты государственной пошлины.

В силу изложенного следует иметь в виду, что поскольку дела по заявлениям об усыновлении рассматриваются в порядке особого, а не искового производства, то государственная пошлина должна взиматься в размере 50% от МРП, независимо от количества усыновителей (один усыновитель или супружеская пара) и указанных в заявлении усыновляемых детей.

5. При усыновлении найденного, брошенного (отказного) ребенка недостаточно наличие протокола или акта об обнаружении ребенка, составленного органом внутренних дел или местным исполнительным органом. Принимая заявления об усыновлении такого ребенка, судья проверяет, приложены ли к заявлению копия записи акта о рождении и свидетельство о его рождении, подтверждающие регистрацию ребенка в соответствии со статьей 196 Кодекса.

Если на момент подачи заявления об усыновлении найденный, брошенный (отказной) ребенок не зарегистрирован в порядке, предусмотренном статьей 196 Кодекса, и невозможно устранение этого недостатка на стадии досудебной подготовки дела, то суд в соответствии с подпунктом 3) части первой статьи 152 ГПК должен решить вопрос о возвращении заявления заявителю для устранения обстоятельств, препятствующих возбуждению дела.

6. Рассматривая дела об усыновлении детей - граждан Республики Казахстан иностранцами, судам следует иметь в виду, что иностранные лица пользуются процессуальными правами и выполняют процессуальные обязанности наравне с гражданами и юридическими лицами Республики

Казахстан, если иное не предусмотрено международным договором, ратифицированным Республикой Казахстан (часть вторая статьи 472 ГПК).

Постановлениями судов первой и апелляционной инстанций М. признан виновным в нарушении пунктов 5 и 6 раздела 8 ПДД, т.е.

в совершении административного правонарушения, предусмотренного частью 1 статьи 468 КоАП.

Кассационная судебная коллегия Мангистауского областного суда, отменив решение и постановление судов первой и апелляционной инстанций и прекратив производство по делу, пришла к выводу, что М., двигаясь по крайней левой полосе, при совершении маневра «поворот налево» перед знаком, запрещающим проезд, заблаговременно включил сигнал левого поворота. Когда М. завершил маневр, следовавший за ним по этой же полосе Х., не соблюдая дистанцию, совершил столкновение с его автомашиной.

Специализированная судебная коллегия считает доводы протеста обоснованными.

Так, согласно видеозаписи дорожно-транспортного происшествия, приобщенной к материалам дела, видно, что 5 ноября 2014 года в 21 час 35 минут 6 секунд напротив магазина «Топ-Стоп» в 5-ом микрорайоне города Актау с крайней левой полосы перед знаком, запрещающим проезд, налево повернула неустановленная автомашина. Следовавшая за нею в попутном направлении по крайней правой полосе автомашина марки «Ford Escape», государственный номер R 382 KRM, под управлением М., в 21 час 35 минут 8 секунд также стала производить поворот налево. То, что М. начал поворачивать налево, находясь в крайнем правом ряду, отчетливо видно в свете фар следовавшей за ней автомашины под управлением Х., под днищем автомашины М. между передними колесами виднеется прерывистая дорожная разметка. Такое не могло быть, если бы автомашина, которой управлял М., находилась на крайней левой полосе движения. Данное обстоятельство опровергает утверждения М. о том, что он не нарушал Правил дорожного движения и в момент совершения маневра находился в крайнем левом ряду.

В 21 час 35 минут 10 секунд произошло столкновение его автомашины с двигавшейся в попутном направлении в крайнем левом ряду автомашиной под управлением Х.

На видеозаписи видно, что непосредственно перед столкновением Х. пытался избежать его, повернув вправо. В результате чего место столкновения находилось ближе к крайней правой полосе движения, а не на левой полосе. Этим же объясняется, что у Х. повреждена передняя часть его автомашины, а у М. удар пришелся в левую заднюю боковую поверхность его автомашины.

Доводы М. о фальсификации протокола об административном правонарушении и схем дорожно-транспортного происшествия были предметом разбирательства в судах первой и апелляционной инстанций, которыми установлено, что при составлении указанных документов со стороны работников полиции были допущены определенные нарушения, которые не повлияли на существо и правильность квалификации действий М. В адрес сотрудника полиции было вынесено частное постановление.

Специализированная судебная коллегия отмечает, что органами внутренних дел не было принято никакого процессуального решения по вопросу о виновности другого участника дорожно-транспортного происшествия – Х. В частности, не установлено, с какой скоростью он двигался на автомашине в момент данного происшествия, мог ли он видеть впереди автомашину, находящуюся под управлением М., и принять своевременные меры для предотвращения столкновения. Между тем из видеозаписи отчетливо видно, что автомашина под управлением Х. двигалась с большой скоростью, и он затормозил непосредственно в момент столкновения. Данное обстоятельство, по мнению специализированной судебной коллегии, имеет существенное значение для решения вопроса о гражданско-правовых последствиях действий М.

В силу изложенного специализированная судебная коллегия Верховного Суда отменила постановление кассационной судебной коллегии, оставив в силе решение первой и постановление апелляционной инстанций.

Протест заместителя Генерального прокурора Республики Казахстан удовлетворен.

Задачи и принципы законодательства об административных правонарушениях

Нарушение подсудности влечет отмену судебных актов по делу об административном правонарушении

25 февраля 2016 года

бан/8-16

Постановлением специализированного административного суда города Костанай от 26 марта 2015 года в удовлетворении жалобы С. на действия РГУ «Управление государственных доходов по городу Костанай» по выставлению уведомления об устранении нарушений налогового законодательства № 03020142644 и наличии налоговой задолженности за период 2010-2014 годы по налогу на транспортные средства с физических лиц в сумме 2 169 085 тенге отказано.

Постановлением апелляционной судебной коллегии по гражданским и административным делам Костанайского областного суда от 04 мая 2015 года постановление суда первой инстанции оставлено без изменения, апелляционная жалоба С. – без удовлетворения.

Постановлением кассационной судебной коллегии Костанайского областного суда от 12 ноября 2015 года судебные акты первой и

апелляционной инстанций оставлены без изменения, кассационная жалоба С. – без удовлетворения.

Специализированная судебная коллегия Верховного Суда отменила судебные акты местных судов с прекращением производства по административному делу по жалобе С. на действия ГУ «Управление государственных доходов по городу Костанай».

Протест заместителя Генерального прокурора Республики Казахстан удовлетворён в силу следующего.

Из материалов дела установлено, что 09 февраля 2015 года РГУ «Управление государственных доходов по городу Костанай» направило в адрес ИП С. уведомление об устранении нарушений налогового законодательства № 03020142644 и наличии налоговой задолженности за период 2010-2014 годы по налогу на транспортные средства с физических лиц в сумме 2 169 085 тенге.

Не соглашаясь с данным уведомлением, С. обратился в специализированный административный суд города Костанай с жалобой на действия уполномоченного органа, указав о незаконности начисления налога и пени на 42 автомобиля, списанные в 2014 году.

Местные суды признали правомерными действия уполномоченного органа по выставлению оспариваемого уведомления.

Согласно статье 23 КоАП в рамках административного производства могут быть обжалованы действия органа (должностного лица), уполномоченного составлять протоколы по делам об административных правонарушениях, решения суда, органа (должностного лица), уполномоченного рассматривать дела об административных правонарушениях.

В силу главы 44 КоАП административные суды вправе рассматривать жалобы на действия должностных лиц исключительно в случае, если обжалуемые действия связаны с возбуждением дела об административном правонарушении.

В соответствии с подпунктом 3) пункта 3 статьи 77 Конституции Республики Казахстан и частью третьей статьи 24 КоАП никому не может быть без его согласия изменена подсудность, предусмотренная для него законом.

Как следует из содержания поданной жалобы, заявитель оспаривает действия уполномоченного органа по начислению налогов и пени.

Производство по делу об административном правонарушении в отношении С. уполномоченным должностным лицом не возбуждалось.

Следовательно, его жалоба не подлежала рассмотрению судом в порядке административного судопроизводства.

Однако суд первой инстанции незаконно принял жалобу к своему производству и возбудил административное дело, руководствуясь статьями

831 – 837 КоАП, регламентирующими пересмотр постановлений по делам об административных правонарушениях, не вступивших в законную силу.

Апелляционная инстанция, установив нарушение судом первой инстанции подсудности дела, без ссылок на нормы закона, ошибочно пришла к выводу о возможности рассмотрения административного дела с учетом требований гражданского процессуального законодательства, что прямо противоречит принципам судопроизводства и общим положениям КоАП.

Вышеуказанные нарушения не были устранены также кассационной инстанцией.

Согласно подпункту 1) части третьей статьи 843 КоАП постановление подлежит отмене во всяком случае, если производство по делу не было прекращено при наличии оснований, предусмотренных статьями 741 и 742 настоящего Кодекса.

В соответствии с подпунктом 9) части первой статьи 741 КоАП производство по делу об административном правонарушении не может быть начато, а начатое подлежит прекращению в иных случаях, предусмотренных налоговым законодательством Республики Казахстан.

В силу пункта 20 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 27 февраля 2013 года № 1 «О судебной практике применения налогового законодательства» судебный порядок рассмотрения заявлений об оспаривании результатов налоговой проверки и действий (бездействия) должностных лиц органов налоговой службы регулируется главой 27 ГПК, в редакции на момент рассмотрения дела.

Согласно статье 27 ГПК гражданские дела рассматриваются и разрешаются районными (городскими) и приравненными к ним судами общей юрисдикции.

Учитывая, что производство по делу об административном правонарушении в отношении С. уполномоченным должностным лицом не возбуждалось, жалоба на действия уполномоченного органа по начислению налогов и пени не подлежала рассмотрению специализированным административным судом в порядке административного производства.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулыларынан үзінділер

Извлечения из постановлений судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан

Жаза тағайындаған кезде ҚК-нің 55-бабы 2-бөлігі 1-тармағының талаптары бұзылған

15 наурыз 2016 жыл

№2уп-17-16

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық сотының 2015 жылғы 03 тамыздағы үкімімен:

Б., бұрын сотталмаған, ҚК-нің 345-бабының 4-бөлігімен, 347-бабымен, 58-бабының 2-бөлігі қолданыла отырып, түпкілікті өтеу үшін 7 (жеті) жылға көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыра отырып, 8 (сегіз) жылға бас бостандығынан айыруға, жазаны қоныс-колониясында өтеуге сотталған.

Б.-дан азаматтық талапкер жәбірленушілердің пайдасына мүлдіктік шығын 259 923 теңге және мемлекет пайдасына 2 599 теңге 23 тиын мемлекеттік баж және іс жүргізу шығындары өндірілген.

Іс бойынша заттай дәлелдемелер мәселесі ҚПК-нің 118-бабында көзделген тәртіппен шешілген.

Сот үкімімен сотталған Б. 2015 жылғы 19 сәуірде сағат 11.30 шамасында, өзінің басқаруындағы «Daewoo Gentra» маркалы автокөлігімен Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, Тәуке-хан даңғылымен темір жол вокзалында орналасқан «Қуаныш базары» бағытына қарай жүрген. Ол Кенесары көшесінің қиылысында орналасқан бағдаршамның қызыл белгісіне тоқтамай, өтіп кеткен. Сондықтан ол жүргізуші ретінде Қазақстан Республикасы «Жол жүрісі» қағидаларының 5-бөлігінің 1-тармағы және 2-тармағының 5-тармақшасының талаптарын өрескел бұзып, жүргізуші Н.-ның басқаруындағы «Hyundai Starex» маркалы автокөлігін соғып өтіп, жолдың жүріс бөлігінің оң жақ шетінде тұрған жаяу жүргіншілер А., жасөспірім Н. және К.-ны қағып кетіп, соның салдарынан абайсызда жәбірленушілер А. мен Н.-ның өліміне әкеп соқтырған жол-көлік оқиғасын жасағаны үшін және қасақана, өзінің қылмыстық ізін жасыру мақсатында жол көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалғаны үшін кінәлі деп танылған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының апелляциялық сот алқасының 2015 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысымен аталған сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Қылмыстық іс материалдарымен танысып, өтінішхаттардың уәждерін зерттеп, кассациялық сот алқасы өтінішхаттар төмендегі негіздерге байланысты қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

Тағылған айып бойынша Б.-ның кінәсі іс бойынша жинақталған және сот мәжілісінде жан-жақты, толық, объективті бағаланып, зерттелген, дәйектілігі жағынан ешбір күмән келтірмейтін дәлелдемелермен толық бекіген. Сот Б.-ның қылмыстық іс-әрекеттеріне құқықтық тұрғыдан дұрыс баға берген.

ҚК-нің 11-бабының 2 және 3-бөліктеріне сәйкес Б.-ның жасаған қылмыстық іс-әрекеттері онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар санатына жатады.

Б.-ға жаза тағайындағанда сот оның бұрын сотталмағанын, жағымды мінездемесін, асырауында кәмелет жасына толмаған балаларының бар екендігін қылмыстық жауапкершілігін жеңілдететін мән-жайлар ретінде, ал жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлардың жоқтығын дұрыс анықтаған.

Бірінші сатыдағы соттың бұл тұжырымымен апелляциялық сот сатысы келіскен.

Мұндай жағдайда, ҚК-нің 55-бабы 2-бөлігінің 1-тармағына сай онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде, жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жай болған және ауырлататын мән-жай болмаған кезде, жаза мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан асыруға болмайды.

Б. кінәлі деп танылған ҚК-нің 345-бабының 4-бөлігінде жазаның ең қатал түрі мен оның ең жоғары мерзімі ретінде 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Алайда, сот Б.-ға жаза тағайындағанда заңның бұл талаптарын бұзып, аталған бапта көзделген жазаның ең қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің жартысынан, яғни 5 жыл бас бостандығынан айыру жазасынан асырып, 7 жыл мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыра отырып, 8 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Б.-ға қатысты бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың сот актілерін өзгертіп, оған ҚК-нің 345-бабының 4-бөлігімен 7 жыл мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыра отырып, 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын, ҚК-нің 347-бабы бойынша 3 жыл мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыра отырып, 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын, ҚК-нің 58-бабы 2-бөлігінің негізінде онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы түпкілікті 7 жыл мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыра отырып, 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады.

Исчисление срока наказания

Согласно части 3 статьи 62 УК время содержания под стражей до вступления приговора в законную силу засчитывается в срок наказания в виде лишения свободы из расчета один день за один день

12 января 2016 года

2уп-2-16

Приговором Акмолинского областного суда от 28 декабря 2009 года, оставленным без изменения постановлением коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан от 30 марта 2010 года,

У., ранее судимый:

- осужден по пунктам «а, ж» части 2 статьи 96 УК к пожизненному лишению свободы, по части 3 статьи 257 УК к 5 годам лишения свободы, части 2 статьи 251 УК к 4 годам лишения свободы, на основании части 4 статьи 58 УК окончательно назначено наказание в виде пожизненного лишения свободы, с отбыванием в исправительной колонии особого режима. Срок наказания постановлено исчислять с 10 сентября 2009 года.

Приговором суда У. признан виновным в убийстве двух и более лиц группой лиц по предварительному сговору, в совершении хулиганства, сопровождавшегося применением насилия к гражданам и повреждением чужого имущества, группой лиц, с применением огнестрельного оружия, а также в незаконном приобретении, хранении, ношении огнестрельного оружия, боеприпасов, группой лиц по предварительному сговору.

В ходатайстве и в дополнениях к нему осужденный У. просит изменить судебные акты в части исчисления срока наказания.

Изучив материалы уголовного дела, доводы ходатайства, кассационная судебная коллегия пришла к выводу об удовлетворении ходатайства.

Постановлением коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан изменен приговор Акмолинского областного суда от 28 декабря 2009 года и постановление коллегии по уголовным делам Верховного Суда от 30 марта 2010 года в отношении осужденного

У., с исчислением срока отбывания наказания в виде лишения свободы осужденному с 16 сентября 2007 года ввиду того, что при исчислении срока наказания осужденному У. судом допущена ошибка.

Как видно из материалов уголовного дела, У. осужден по приговору Атбасарского районного суда Акмолинской области от 21 февраля 2008 года по части 2 статьи 259 УК к 6 годам лишения свободы. Срок наказания по данному приговору исчислен с 16 сентября 2007 года.

По данному делу, то есть по приговору от 28 декабря 2009 года, У. осужден по пунктам «а, ж» части 2 статьи 96, части 3 статьи 257, части

2 статьи 251 УК. На основании частей 4, 6 статьи 58 УК по совокупности преступлений путем частичного сложения наказаний по приговору от 21 февраля 2008 года окончательно назначено наказание в виде пожизненного лишения свободы, с отбыванием наказания в исправительной колонии особого режима. Срок наказания постановлено исчислять с 10 сентября 2009 года.

Однако судом не зачтен срок содержания под стражей У. с 16 сентября 2007 года по 10 сентября 2009 года. В связи с этим срок отбытия наказания осужденному У. по приговору от 28 декабря 2009 года должен быть исчислен с 16 сентября 2007 года, так как суд назначил наказание по совокупности преступлений, сложив наказание по приговору от 21 февраля 2008 года.

Согласно части 3 статьи 62 УК время содержания под стражей до вступления приговора в законную силу засчитывается в срок наказания в виде лишения свободы из расчета один день за один день.

Постановление приговора

**В соответствии со статьей 388 УПК
приговор должен быть законным и обоснованным
и постановляется на основании всестороннего и объективного
исследования в судебном заседании предоставленных суду
доказательств. Несоблюдение этих требований закона повлекло отмену
судебных актов**

15 марта 2016 года

№ 2уп-16-16

Приговором суда № 2 города Актобе Актыбинской области от 06 ноября 2015 года:

К., ранее не судимый, оправдан по пункту 1 части 3 статьи 189, части 3 статьи 197 УК за недоказанностью его участия в совершении уголовного правонарушения.

Мера пресечения в отношении К. в виде залога отменена, залог возвращен залогодателю.

Процессуальные издержки отнесены в счёт государства.

Судьба вещественных доказательств разрешена в порядке, предусмотренном статьей 118 УПК.

Постановлением апелляционной судебной коллегии по уголовным делам Актыбинского областного суда от 10 декабря 2015 года приговор суда оставлен без изменения.

Кассационная судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда по протесту прокурора изменила приговор суда первой инстанции и

постановление апелляционной судебной коллегии в отношении К. и отменила указанные судебные акты в части оправдания К. по части 3 статьи 197 УК. Уголовное дело К. по данной статье направлено на новое апелляционное рассмотрение в ином составе судей.

Органом уголовного преследования К. предъявлено обвинение в хищении дизельного топлива со склада ГСМ «МАО» и причинении при этом материального ущерба в крупном размере на сумму 3 473 786 тенге.

Хищением является совершенное с корыстной целью противоправное безвозмездное изъятие и (или) обращение чужого имущества виновным в свою пользу или в пользу других лиц, причинившее ущерб собственнику или владельцу этого имущества.

Признанный по делу в качестве потерпевшего «МАО» отрицает факт хищения принадлежащего им дизельного топлива и причинение им материального ущерба, вмененного в обвинение К.

Согласно актам комиссионного замера и инвентаризации остатков ГСМ за период с 01 января по 01 мая 2015 года недостачи на складе ГСМ «МАО» не выявлено, о чем неоднократно последним сообщалось в ЛУВД на ст. Актобе.

В судебном заседании указанные обстоятельства подтвердили допрошенные в качестве представителя потерпевшего Н. свидетели – председатель правления «МАО» Б. и бухгалтер «МАО» С., которые категорически отрицали наличие факта недостачи или излишков ГСМ на их складе.

Каких-либо других объективных доказательств, подтверждающих факт хищения К. дизтоплива со склада ГСМ «МАО», по делу не установлено.

При таких обстоятельствах выводы суда первой инстанции об отсутствии достоверных и бесспорных доказательств, подтверждающих совершение К. хищения дизельного топлива, принадлежащего «МАО», с причинением крупного ущерба, являются законными и обоснованными, основанными на всесторонне и полно исследованных в судебном заседании доказательствах.

Что касается доводов протеста о незаконности приговора в части оправдания К. по части 3 статьи 197 УК, то они заслуживают внимания.

В основу оправдания подсудимого судом положены способствующие этому обстоятельства, а имеющимся доказательствам не дана соответствующая оценка.

В качестве оснований для оправдания суды указывали, что К. выполнил договорные обязательства перед ТОО «А» о возврате дизельного топлива в количестве 23 314 литров, ранее переданного на хранение в «МАО». Указанное обстоятельство подтверждается актом приемки ГСМ и договором о безвозмездном ответственном хранении от 26 февраля 2015 года между указанным ТОО и «МАО».

Вопреки требованиям статьи 24 УПК судом по делу не приняты все предусмотренные законом меры для всестороннего, полного и объективного исследования обстоятельств, необходимых и достаточных для правильного разрешения дела, исследование имеющихся доказательств о невинности подсудимого проведено поверхностно и неполно, некоторым обстоятельствам дана неверная оценка и без достаточных оснований отдано предпочтение одним доказательствам перед другими.

Так, по делу объективно установлено, что 10 апреля 2015 года работниками склада ГСМ «МАО» была произведена загрузка с первой наливной эстакады из резервуара под № 55 склада ГСМ «МАО» зимнего дизельного топлива в общем объеме 23 314 литров в полуприцеп-цистерну с госномером АНА 8204 автомашины марки «КамАЗ», с госномером 771ALA04, под управлением водителя Р., которое было вывезено за охраняемую территорию «МАО».

Указанный факт в целом не оспаривается самим К.

Изложенные обстоятельства подтверждаются также показаниями свидетелей К. – водителя автоцистерны, сотрудников службы охраны аэропорта и склада ГСМ - Е., Ж., Ф., Ф., З., Д., О. и других, которые показали, что вышеуказанную автомашину пропустили на охраняемую территорию склада ГСМ без пропуска, заправили дизельным топливом и обратно выпустили по указанию К., хотя въезд на указанную территорию иных автомашин без пропуска категорически запрещен.

Из показаний потерпевшего В. следует, что он в «МАО» поставил всего 40 тонн дизельного топлива, больше ГСМ не поставлял и не передавал на хранение. По коммерческому предложению К. приобрел у него дизельное топливо в количестве 23 314 литров по 70 тенге за литр без документов. К. заверил о том, что документы будут переданы через водителя Р. Однако документы он не передал, а автомашину с грузом задержали сотрудники полиции. К. ввел в заблуждение и попросил подписать обратной датой фиктивные документы о возврате топлива, якобы находящегося на ответственности в «МАО».

Об этих обстоятельствах дела В. давались стабильные и последовательные показания на протяжении досудебного расследования и судебного разбирательства, которые подтверждены им также на очной ставке с К.

Изложенные в показаниях В. обстоятельства при допросе в качестве подозреваемого 10 и 30 мая 2015 года подтверждал сам К. в присутствии своих адвокатов А. и Т., показывая, что 08 апреля 2015 года он предложил покупку у В. дизельного топлива по 70 тенге за 1 литр на сумму 1 630 000 тенге. Затем, 10 апреля 2015 года, обеспечил проезд автомашины ТОО «А» на территорию аэропорта без пропуска, поручил работникам склада ГСМ О. и З. заправить дизельным топливом. Водителю Р. выдал поддельное расходное требование на получение ГСМ и материальный пропуск на выезд. После задержания

автомашины с грузом сотрудниками полиции, чтобы скрыть факт хищения ГСМ, вновь составил расходное требование за № 312 от 10 апреля 2015 года (в журнале учета требований о выдаче ГСМ за этим номером числится выдача топлива АО «К» 12.02.2015 г.) и расписался за Р., а в материальном пропуске – за охранника Г. Акт и договор об ответхранении 11 апреля 2015 года подписал у В. обратной датой, т.е. 26 февраля 2015 года.

Работники аэропорта – техник Ш., машинист И., кладовщик У. показывали, что они не принимали 23 314 литров ГСМ от ТОО «А» и не расписывались об этом в соответствующем акте от 26 февраля 2015 года, а по показаниям свидетелей – начальника отдела Ю. и техника по учету склада М. – дизельное топливо от указанного ТОО на хранении в «МАО» не находилось.

По утверждению бухгалтеров аэропорта С. и П., в случае приемки ГСМ на хранение акт и договор должны передаваться в бухгалтерию для отчета. Однако документы о хранении дизельного топлива в бухгалтерию не поступали.

Доводы указанных свидетелей и Р. относительно того, что они не подписывали акты и другие документы, связанные с ответхранением и вывозом дизтоплива со склада «МАО», суд оставил без внимания и надлежащим образом не исследовал.

При таких обстоятельствах судебная коллегия пришла к заключению, что выводы суда в части оправдания К. по части 3 статьи 197 УК носят предположительный характер, основаны на неполно, односторонне и поверхностно проведенном судебном следствии.

При новом рассмотрении дела необходимо всесторонне, полно и объективно исследовать все обстоятельства дела и принять законное решение.

Обратная сила уголовного закона

Состоявшиеся в отношении осужденного судебные акты изменены с исключением обстоятельства, отягчающего ответственность и наказание за причинение преступлением тяжких последствий, и сокращением срока наказания вследствие издания закона, имеющего обратную силу

24 марта 2016 года

№2ун-26-16

Приговором Восточно-Казахстанского областного суда от 16 января 2006 года Б. осужден по части 1 статьи 96 УК к 13 годам лишения свободы с отбыванием наказания в исправительной колонии строгого режима.

Приговором суда Б. признан виновным в противоправном умышленном причинении смерти А. путем нанесения множественных ножевых ранений в область грудной клетки и живота.

Постановлением коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан от 14 марта 2006 года приговор суда первой инстанции оставлен без изменения.

В ходатайстве осужденный Б., не оспаривая квалификацию своих действий и доказанность вины, считает, что судом первой инстанции не учтены в полной мере все обстоятельства, положительные данные о личности, влияющие на назначение справедливого наказания. Просит также учесть его правопослушное поведение в местах лишения свободы, принятие мер к возмещению вреда потерпевшей и снизить срок наказания.

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан изменила оспариваемые судебные акты в отношении Б., исключив из приговора обстоятельство, отягчающее ответственность и наказание за «причинение преступлением тяжких последствий», и в соответствии с пунктом 3 части 2 статьи 55 УК наказание, назначенное осужденному Б. по части 1 статьи 96 УК, снизила до 11 лет 3 месяцев лишения свободы по следующим основаниям.

Коллегия установила, что вина осужденного Б. в совершении убийства А. основана на всесторонне, полно и объективно исследованных в судебном заседании доказательствах, они соответствуют фактическим обстоятельствам дела и в поданном ходатайстве не оспариваются.

Правовая оценка действиям Б. по части 1 статьи 96 УК судом дана правильно.

В соответствии с частью 3 статьи 52 УК обстоятельства, смягчающие и отягчающие ответственность и наказание, наряду с иными данными о личности и поведении виновного, учитываются при назначении наказания.

Перечень обстоятельств, отягчающих уголовную ответственность и наказание, закреплен в части 1 статьи 54 УК и является исчерпывающим. Частью второй указанной статьи предписано, что, если обстоятельство, приведенное в названном перечне, предусмотрено соответствующей статьей Особенной части Уголовного кодекса в качестве признака уголовного правонарушения, оно не может повторно учитываться как обстоятельство, отягчающее ответственность и наказание.

Аналогичные требования предусмотрены частью 2 статьи 54 УК в редакции уголовного закона от 16 июля 1997 года на момент вынесения приговора в отношении осужденного Б. и не учтены судом при назначении наказания осужденному.

Мотивируя в приговоре выводы об обстоятельствах, влияющих на наказание, суд указал, что учитывает в качестве смягчающих ответственность обстоятельств молодой возраст осужденного и тот факт, что Б. ранее не

привлекался к уголовной ответственности. Одновременно в качестве обстоятельства, отягчающего ответственность и наказание, судом признано причинение преступлением тяжких последствий.

Тяжкие последствия в виде смерти человека при совершении убийства, за которое осужден Б., являются элементом объективной стороны состава данного уголовного правонарушения, и потому не могут быть учтены в качестве обстоятельства, отягчающего ответственность и наказание.

Необоснованное признание отягчающего ответственность и наказание обстоятельства повлияло на назначение Б. справедливого наказания, а его наличие в приговоре суда наряду с совокупностью смягчающих обстоятельств препятствует применению статьи 6 УК об обратной силе уголовного закона к содеянному осужденным.

Так, согласно пункту 3 части 2 статьи 55 УК при наличии смягчающего обстоятельства, не предусмотренного в качестве признака совершенного преступления, и отсутствии отягчающих обстоятельств срок или размер наказания за совершение особо тяжкого преступления не может превышать трех четвертей максимального срока или размера наиболее строгого вида наказания, предусмотренного соответствующей статьей Особенной части Уголовного кодекса.

Частью 1 статьи 96 УК предусмотрено наказание в виде лишения свободы сроком от шести до пятнадцати лет.

Приговором суда осужденному назначено наказание в виде 13 лет лишения свободы, т.е. свыше трех четвертей максимального срока, предусмотренного санкцией части 1 статьи 96 УК.

Нарушение судом требований закона при назначении наказания, выразившееся в незаконном признании отягчающего ответственность и наказание обстоятельства, лишило осужденного Б. права пересмотра в порядке статьи 6 УК судом по месту исполнения приговора назначенного наказания с учетом требований пункта 3 части 2 статьи 55 УК и ухудшило его положение.

На основании вышеизложенного коллегия пришла к выводу о необходимости исключения из приговора обстоятельства, отягчающего ответственность и наказание за «причинение преступлением тяжких последствий», и в связи с введением в действие нового уголовного закона в соответствии с требованиями статьи 6 УК назначенное Б. судом наказание снизить по правилам, предусмотренным пунктом 3 части 2 статьи 55 УК.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының
2016 жылғы «31» наурыздағы
жалпы отырысының
№ 13 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Сот жюриінің РЕГЛАМЕНТІ

Осы Сот жюриінің регламенті «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң), «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы заңының, Сот жюриі туралы Ереженің негізінде әзірленді және Сот жюриінің жұмысын ұйымдастыруды, Сот жюриінің құзыретіне кіретін мәселелерді қарауды, отырыстарды өткізуді, шешімдерді қабылдауды және іс қағаздарын жүргізуді айқындайды.

1. Сот жюриі

1. Сот жюриі біліктілік және тәртіптік комиссияларынан тұрады. Сот жюриінің біліктілік комиссиясы жеті мүшеден – облыстық және оған теңестірілген соттардың (бұдан әрі – облыстық сот) екі судьясынан, Жоғарғы Соттың екі судьясынан және орындарынан түскен үш судьядан тұрады. Сот жюриінің тәртіптік комиссиясы тоғыз мүшеден – аудандық және оған теңестірілген соттардың (бұдан әрі – аудандық сот) үш судьясынан, облыстық соттардың үш судьясынан, Жоғарғы Соттың үш судьясынан тұрады.

Сот жюриінің біліктілік комиссиясы судьялардың кәсіби қызметін бағалауды жүзеге асырады.

Сот жюриінің тәртіптік комиссиясы судьяның орнынан түсу құқығын немесе оның тоқтатылуын растау, сондай-ақ судьяларға қатысты тәртіптік іс жүргізуді, тәртіптік істерді қозғау туралы мәселелерді қарайды.

2. Сот жюриін қалыптастыру тәртібі мен қызметі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілетін Ережемен айқындалады.

2. Сот жюриінің қызметін қамтамасыз ету

3. Сот жюриінің біліктілік және тәртіптік комиссияларының қызметін ұйымдастыруды, ақпараттық-талдамалық және өзгедей қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы

Сотының аппараты) (бұдан әрі – Департамент) Персоналды басқару бөлімінің (кадр қызметі) (бұдан әрі – Бөлім) тиісінше Сот жюриі біліктілік комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі секторы мен Сот жюриі тәртіптік комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі секторы (бұдан әрі бірге – Сот жюриінің жұмыс органы, жекелей алғанда – комиссияның жұмыс органы) жүзеге асырады.

4. Сот жюриі жұмыс органының сандық құрамын уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасымен келісу бойынша айқындайды.

3. Сот жюриінің төрағасын, Сот жюриі комиссияларының құрамдарын және хатшыларын сайлау тәртібі

5. Сот жюриінің жаңа құрамы қалыптастырылғаннан кейін Сот жюриінің төрағасын, Сот жюриі комиссияларының құрамдарын және хатшыларын сайлау бойынша ұйымдық отырыс өткізіледі.

6. Сот жюриінің төрағасы Сот жюриі құрамы мүшелерінің ішінен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

7. Сот жюриі комиссияларының құрамдары Сот жюриі мүшелерінің пікірі ескеріле отырып, Конституциялық заңның 38-1-бабының 1-тармағының талаптарына сай айқындалады, Сот жюриі мүшелерінің ішінен көпшілік дауыспен сайланады.

Сот жюриі біліктілік және тәртіптік комиссияларының хатшылары тиісті комиссиялар құрамы мүшелерінің ішінен көпшілік дауыспен сайланады.

8. Сайлаулардың нәтижелері Сот жюриі отырысының хаттамасымен ресімделеді.

4. Сот жюриі төрағасының, Сот жюриі комиссияларының хатшылары мен мүшелерінің өкілеттіктері

9. Сот жюриінің төрағасы:

- 1) Сот жюриіне жалпы басшылықты қамтамасыз етеді;
- 2) Сот жюриі комиссияларының отырыстарын шақырады және Сот жюриі комиссияларының отырыстарында төрағалық етеді;
- 3) Сот жюриі комиссиялары отырысының күн тәртібін бекітеді;
- 4) Сот жюриі комиссияларының шешімдері мен хаттамаларына қол қояды;
- 5) Сот жюриі комиссияларының отырыстарына қарау үшін шығарылатын мәселелерді айқындайды;
- 6) Сот жюриі комиссияларының жұмысын талдауды және жұмыс тәжірибесін қорытуды ұйымдастырады;
- 7) Сот жюриінің атқарған жұмысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысына ұсынады;

8) мемлекеттік, қоғамдық және өзге де органдармен, ұйымдармен және лауазымды адамдармен қатынастарда Сот жюриінің атынан өкілдік етеді;

9) Сот жюриі туралы Ережемен, осы Регламентпен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10. Сот жюриінің төрағасы уақытша болмаған жағдайда оның тапсыруы бойынша төрағаның міндеттерін Сот жюриінің тиісті комиссиясы мүшелерінің бірі атқарады.

11. Сот жюриі біліктілік комиссиясының хатшысы:

Сот жюриі біліктілік комиссиясы жұмыс органының қызметіне жетекшілік етеді;

күнтізбелік жыл ішіндегі кәсіби қызметі мерзімді бағалауға жататын судьялар тізімдерінің жасалуын ұйымдастырады;

судьялардың кәсіби қызметті бағалаудан өтуін қамтамасыз етуге бақылау жасайды;

есепті дайындауды, Сот жюриі біліктілік комиссиясының тиісті кезең ішіндегі жұмысы туралы талдау мен қорытулар жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

Регламенттің орындалуын қамтамасыз етеді;

Сот жюриі төрағасының Сот жюриі біліктілік комиссиясының қызметін ұйымдастырумен байланысты өзге де тапсырмаларын орындайды.

12. Сот жюриі тәртіптік комиссиясының хатшысы:

Сот жюриі тәртіптік комиссиясы жұмыс органының қызметіне жетекшілік етеді;

өздеріне қатысты тиісті материалдар қаралып жатқан судьялардың және шақырылған басқа да адамдардың тәртіптік комиссияның отырысына қатысуын қамтамасыз етуге бақылау жасайды;

есепті дайындауды, Сот жюриі біліктілік комиссиясының тиісті кезең ішіндегі жұмысы туралы талдау мен қорытулар жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

Регламенттің орындалуын қамтамасыз етеді;

Сот жюриі төрағасының Сот жюриі тәртіптік комиссиясының қызметін ұйымдастырумен байланысты өзге де тапсырмаларын орындайды.

13. Сот жюриі комиссиясының хатшысы болмаған кезде оның міндеттері Сот жюриі төрағасының ауызша өкімі бойынша Сот жюриінің тиісті комиссиялары мүшелерінің біріне уақытша жүктеледі.

14. Сот жюриі комиссиясының мүшесі:

Сот жюриі тиісті комиссиясының отырыстарына, сондай-ақ Сот жюриінің жалпы құрамының отырыстарына қатысады;

Сот жюриі тиісті комиссиясының отырыстарында баяндамашы ретінде сөйлейді;

отырысқа қатысып отырған адамдарға сұрақ қояды;

Сот жюриінің және Сот жюриі тиісті комиссиясының актілеріне қол қояды;

Сот жюриі тиісті комиссиясының жергілікті соттарға баруына байланысты тексерулер жүргізуге қатысады;

Сот жюриі төрағасының тапсыруы бойынша Сот жюриі тиісті комиссиясының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талдау мен қорыту жүргізеді;

Сот жюриі төрағасының нұсқауы бойынша Сот жюриі тиісті комиссиясының қызметіне байланысты өзге де тапсырмаларды орындайды;

Сот жюриінің төрағасы уақытша болмаған кезде төрағаның міндетін атқарады;

Сот жюриі төрағасының тапсыруы бойынша Сот жюриі тиісті комиссиясының отырыстарына қатысады.

Сот жюриі біліктілік комиссиясының мүшелері материалдық және процестік заңнама, судья әдебі, соттардың жұмысын ұйымдастыру бойынша мәселелер тізбесін әзірлеуді қамтамасыз етеді.

5. Жұмыс істеп жүрген судьяның кәсіби қызметін бағалау бойынша материалдарды Сот жюриінің біліктілік комиссиясына ұсыну үшін дайындау тәртібі және олардың тізбесі

15. Судья лауазымындағы бір жылғы жұмысының нәтижелері бойынша қызметі бағалануға жататын судьялардың және кәсіби қызметі мерзімді бағалануға жататын судьялардың тізімдерін облыстардың, Астана, Алматы қалалары соттар әкімшілерінің (бұдан әрі – соттар әкімшілері) және Департаментінің Персоналды басқару бөлімдері (кадр қызметтері) қалыптастырады. Алдағы жылы кәсіби қызметі бағалануға жататын судьялардың тізімдері өткен жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мерзімде жыл сайын Сот жюриінің біліктілік комиссиясына ұсынылады.

Жұмыс істеп жүрген судьялардың кәсіби қызметін бағалау бойынша құжаттарды дайындауды және ұсынуды соттар әкімшілерінің және Департаменттің персоналды басқару бөлімдері (кадр қызметтері) талдау және жоспарлау бөлімдерімен, сонымен қатар департаменттің сот алқалары хатшылықтарымен бірге жүзеге асырады.

Сот жюриінің біліктілік комиссиясына түскен құжаттарды тексеруді, сондай-ақ оларды сот отырысына дайындауды комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады.

16. Құжаттар қатаң түрде Регламентте белгіленген талаптарға сәйкес ұсынылады. Құжаттарды ресімдеу кезінде өшіруге және түзетуге жол берілмейді. Ұсынылған құжаттар тігілуге, нөмірленуге және олардың тізімдемесі жасалуға тиіс.

17. Жұмыс істеп жүрген судьяның кәсіби қызметін бағалау және талдау үшін судьяның соңғы үш жылдағы кәсіби қызметін сипаттайтын мәліметтер ұсынылады.

18. Аудандық соттардың судьялары мен төрағаларына, облыстық соттың судьяларына қатысты барлық құжаттарға облыстық соттың төрағасы, облыстық соттардың төрағалары мен алқа төрағаларына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары мен алқа төрағаларына қатысты – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы қол қояды. Көшірмелер, ксерокөшірмелер куәландырылады, қажет болған жағдайларда елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

19. Жұмыс істеп жүрген судьяның кәсіби қызметін мерзімді бағалауға материалдарды мыналар ұсыналады:

1) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты сот алқаларының төрағаларына және судьяларына, облыстық соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағаларына қатысты – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы;

2) облыстық соттардың судьяларына, аудандық соттардың төрағаларына және судьяларына қатысты – облыстық соттардың төрағалары.

Осы ретте өзіне қатысты материал Сот жюриі біліктілік комиссиясының қарауына ұсынылып отырған судья, оған қатысты ұсынылған материалдармен таныстырылуға тиіс.

20. Жұмыс істеп жүрген судьяның кәсіби қызметін мерзімді бағалауға қатысты материалдарда келесідей құжаттар болуға тиіс:

1) 3x4 суреті бар анықтама-объективка;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің тағайындау туралы Жарлығынан үзінді;

3) еңбек өтілін анықтау жөніндегі комиссияның судьялық жұмыс өтілі көрсетілген хаттамалық шешімі;

4) судьяның кәсіби қызметіне, іскерлік және адамгершілік қасиеттеріне баға берілген, оның судья әдебінің нормалары мен еңбек тәртібін сақтауы көрсетілген қызметтік мінездеме;

5) судья қараған істердің саны мен сапасы (оның ішінде істер санаттарының бірыңғай жіктегішіне сай «Талдау» форумында орналастырылған сот актілері мен сот практикасын қорытуларға талдау жасау жолымен), сот істерін қарау кезінде мерзімдер мен заңдылықтың сақталуы туралы толық талдамалық анықтама соттар әкімшісінің талдау және жоспарлау бөлімімен және Департаменттің персоналды басқару бөлімімен (кадр қызметі) дайындалады;

6) судьяның соңғы үш жылда сот төрелігін жүзеге асыру көрсеткіштерінің белгіленген нысандағы салыстырмалы кестесі;

7) судьяның тәртіптік жауапкершілікке тартылуы туралы анықтама (тәртіптік жаза болған кезде шешімнің көшірмесі қоса беріледі);

8) жоғары тұрған сот сатыларының сын-ескертпелерді қараудың нәтижелері туралы судьяның атына жазған тиісті хаттары;

9) судья жол берген заңдылықтың бұзылуы туралы прокурор ұсынымдарының бар екені және оларды қараудың нәтижелері туралы анықтама;

10) судьяның іс-әрекеттеріне шағымдар және олардың негізділігі туралы анықтама;

11) судьяның оқудан, тағылымдамадан өткені, сондай-ақ ғылыми дәрежесінің, ғылыми атағының және т.б. бар екені туралы анықтама;

12) жеке куәліктің көшірмесі;

13) судьяның материалдармен танысқаны туралы анықтама.

21. Жоғары тұрған сатының судьясы лауазымына, сот төрағасы, сот алқасының төрағасы лауазымдарына конкурсқа қатысуға тілек білдірген судья Сот жюриінің біліктілік комиссиясына материалдарды аталған лауазымдарға орналасу үшін Жоғары Сот Кеңесі жариялаған конкурс аяқталғанға дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей өз бетімен тапсырады.

Осы ретте олар судьяның біліктілік деңгейін бағалау үшін маңызы бар өзге де материалдарды ұсынуы мүмкін.

Жоғары тұрған сатының судьясы лауазымына, сот төрағасы, сот алқасының төрағасы лауазымына конкурсқа қатысуға тілек білдірген судья Сот жюриінің біліктілік комиссиясына жазбаша арыз жіберіп, онда жоғары тұрған лауазымға бағалаудан өтетінін қалайтынын көрсетеді және судьялық жұмыс өтілі көрсетілген еңбек өтілін анықтау жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімінен басқа Регламенттің 20-тармағында келтірілген құжаттарды өзінің арызына тіркейді.

22. Жұмыс істеп жүрген судьяның кәсіби қызметін мерзімді бағалау бойынша материалдар, бағалау жүргізілгенге дейінгі он күннен кешіктірілмей ұсынылуға, судья онымен қолын қойып танысуға тиіс.

6. Материалдарды Сот жюриі біліктілік комиссиясының отырысында қарауға дайындау тәртібі

23. Сот жюриінің біліктілік комиссиясына түскен құжаттарды тексеруді, сондай-ақ оларды отырысқа дайындауды комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады.

24. Құжаттарда көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін оларды дайындаған адамдар, соттардың әкімшілері мен Департаменттің құрылымдық бөлімшелері жауапкершілік көтереді.

25. Сот жюриінің кәсіби қызметті мерзімді бағалау бойынша біліктілік комиссиясының отырыстарын өткізу мерзімдері бағалауға жататын судьялардың тізімі ескеріле отырып жоспарланады. Осы ретте күнтізбелік жылда бағалануға жататын судьялардың жалпы саны, жеке облыстар, өңірлер бойынша судьялардың саны, мерзімдік бағалауды өткізу уақытының аяқталу мерзімдері (бағалауды өткізу мерзімі туған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей) ескеріледі.

Жұмыс істеп жүрген судьялардың кәсіби қызметін мерзімді бағалау бойынша Сот жюриі біліктілік комиссиясының отырыстарын өткізу кестесін (соның ішінде көшпелі отырыстар) Сот жюриінің төрағасы күнтізбелік жылдың басында бекітеді және танысу және қажетті құжаттарды дайындау үшін барлық облыстық соттарға жіберіледі.

26. Жоғары тұрған сатының судьясы лауазымына, сот төрағасы, сот алқасының төрағасы лауазымына конкурсқа қатысуға тілек білдірген судьялардың кәсіби қызметін бағалау бойынша Сот жюриі біліктілік комиссиясының отырыстары материалдардың қарауға түсуіне қарай өткізеді.

Комиссияның жұмыс органы материалдың түсуіне қарай тізім дайындайды. Сот жюриінің төрағасы тізімді бекітеді және қарау үшін белгілейді.

27. Мерзімді бағалануға жататын судьяларды хабардар етуді және олардың Сот жюриі біліктілік комиссиясының отырысына келуін қамтамасыз етуді тиісті соттар әкімшілерінің, Департаменттің персоналды басқару бөлімі (кадр қызметі) қамтамасыз етеді.

Өзіне қатысты кәсіби қызметі бағаланатын судья Сот жюриі біліктілік комиссиясы отырысының өткізілетін күні мен орны туралы 10 күннен кешіктірілмей хабардар етілуге тиіс.

28. Жоғары тұрған сатының судьясы лауазымына, сот төрағасы, сот алқасының төрағасы лауазымына конкурсқа қатысуы үшін Сот жюриінің біліктілік комиссиясы өздеріне қатысты бағалау жүргізілетін судьяларды хабардар етуді төраға Сот жюриінің отырысын өткізу күнін анықтағаннан кейін комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады.

Комиссияның жұмыс органы олардың келуін қамтамасыз етеді.

Хабарлама хат, жеделхат, телефонхат түрінде жіберіледі, сондай-ақ шақыруды тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланылады.

29. Қосымша құжаттар мен материалдарды, соның ішінде қарау кезінде заңның бұзылуына жол берілген сот істерін талап етіп алдырудың қажеттілігі туралы шешімді материалдарды зерделеу және баяндама жасау үшін (бұдан әрі – баяндамашы) алған Сот жюриі біліктілік комиссиясының мүшесі қабылдайды.

30. Сот жюриінің қажетті материалдар мен сот істерін беру туралы талабы міндетті болып табылады және Сот жюриі белгілеген мерзімнен кешіктірілмей орындауға жатады.

31. Сот жюриі біліктілік комиссиясының көшпелі отырысы өткізілген жағдайда көрсетілген іс-шараларды ұйымдастыру тиісті облыстық сотқа жүктеледі.

32. Жағдайы отырысқа қатысуға мүмкіндік бермейтін Сот жюриі біліктілік комиссиясының мүшесі бұл туралы Сот жюриінің төрағасына дер кезінде хабарлауға тиіс.

33. Жұмыс органы судьялардың кәсіби қызметін бағалауға шақырылған адамдардың келгенін, келмеген адамдардың тиісінше хабарланған-хабарланбағанын және олардың келмеу себептері туралы қандай мәліметтердің бар екенін, отырыс басталғанға дейін анықтайды және судьяға қатысты бағалау жүргізуді кейінге қалдырудың мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.

7. Сот жюриі біліктілік комиссиясының отырыстарын өткізу тәртібі

34. Сот жюриі біліктілік комиссиясының жұмыс істеп жүрген судьяның кәсіби қызметін бағалау бойынша отырысы арыз берілген тілде жүргізіледі.

35. Сот жюриі біліктілік комиссиясының отырысы бекітілген кесте бойынша, сондай-ақ қажеттілікке қарай өткізіледі және оның құрамының кемінде үштен екісі болған кезде заңды болып табылады.

Сот жюриінің біліктілік комиссиясы жұмыс істеген уақытта, оның мүшелері отырыс өткізілетін жерге қолданыстағы заңнамаға сәйкес іссапарға жіберіледі және басқа қызметтік міндеттерді атқарудан босатылады.

36. Сот жюриі біліктілік комиссиясының отырыстары бағаланатын судья міндетті түрде қатыстырыла отырып ашық түрде өткізіледі.

37. Жүктілігіне және баланы (балаларды) тууына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына, бала күтіміне байланысты демалыста болған судьялар үшін судьяның кәсіби қызметін бағалау, олар осындай демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа шыққан күннен бастап 1 жылға дейінгі мерзімге кейінге қалдырылады.

38. Судьяның кәсіби қызметін бағалау Сот жюриі біліктілік комиссиясының қарауына ұсынылған материалдар мен мәліметтердің, сондай-ақ материалдық және процестік білімді тексеру кезінде алынған билеттер және (немесе) сұхбаттасу негізінде айқындалады.

39. Төрағалық етуші:

1) отырысты жүргізу үшін кворумның бар екеніне көз жеткізеді, біліктілік комиссиясының құрамын жариялайды;

2) отырысты ашық деп жариялайды.

Сот жюриі біліктілік комиссиясының баяндамашысы бағаланатын судьяның мәліметтерін және оның кәсіби қызметін сипаттайтын мәліметтерді баяндайды.

Баяндамадан кейін судья тыңдалады, Сот жюриі біліктілік комиссиясының мүшелері оған сұрақтар қоюы мүмкін.

Бағалануға жататын судья билеттер бойынша жауап беру үшін 10-15 минут ішінде дайындалады.

40. Сот жюриі біліктілік комиссиясының шешімдері осы отырыста бағаланудан өткен барлық судьялар тыңдалғаннан кейін қабылданады.

Егер, Сот жюриі біліктілік комиссиясының көпшілігі жақтап дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған кезде, өзіне қатысты мәселе қаралып отырған судьяның жағдайын жақсартатын шешім қабылданды деп есептеледі.

Сот жюриі біліктілік комиссиясының мүшесі ерекше пікір білдірген жағдайда, ол Сот жюриінің біліктілік комиссиясына үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жазбаша түрде ұсынылуға тиіс.

41. Төрағалық етуші Сот жюриі біліктілік комиссиясының шешімін жария етеді және судьяның кәсіби қызметін бағалау бойынша сот отырысын жабық деп жариялайды.

42. Сот жюриінің біліктілік комиссиясы жұмыс істеп жүрген судьяның біліктілігін бағалау туралы материалдарды қараудың қорытындылары бойынша мына шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқарып отырған қызметіне сай деп танылсын;
- 2) жоғары тұрған сот сатысына судья қызметіне тағайындау үшін ұсынылсын;
- 3) жоғары тұрған қызметке (жоғары тұрған сот сатысына) кадр резервіне алу үшін ұсынылсын;
- 4) басқа сотқа, басқа мамандануға ауыстыру үшін ұсынылсын;
- 5) кәсіби жарамсыздығына байланысты атқарып отырған лауазымына сай емес деп танылсын.

Біліктілік комиссиясының осы тармақтың 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген шешімі ұсыныс сипатында болады.

43. Сот жюриі біліктілік комиссиясының шешімінде:

- 1) Сот жюриі біліктілік комиссиясының құрамы;
